



ТУФРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№38
(2313)
Сенбі
31 мамыр
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ ҚАРАҚҰМ БЕТКЕЙІНДЕГІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Қарақұм беткейіндегі «Шәкен», «Шилі» елді мекендерінің халқымен кездесті. Аудан басшысы халықпен кездесуде ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жайында айтып өтті.

-Бүгінгі таңда ауданға қарасты «Шәкен», «Шилі», «Сарбұлақ», «Шитүбек» елді мекендерін сапалы ауыз сумен қамту жұмыстары басталып кетті. Аталмыш елді мекендердің тұрғындары көп ұзамай сапалы ауыз суға қол жеткізіп, аудан халқы 100 пайыз ауыз сумен қамтылмақ. Мұндағы құрылыс жұмыстарының сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы тікелей өзімнің қатаң бақылауымда болады, - деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, «Шәкен», «Шилі» елді мекендерінің бірқатар аумақтарында пайда болған зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқандығын айтты. Зиянкестерге қарсы



фитосанитариялық іс-шаралардың өз деңгейінде жүргізілуіне арнайы техникалар жұмылдырылып, мониторинг жұмыстарына мамандар тартылғанын жеткізді.

«Шәкен» аулындағы басқосуда ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әзілхан Үмбетов ақсақал шалғай елді мекенге жеткізіліп жатқан ауыз су ауыл халқының көптен күткен қуанышы екенін айтып, ауыл халқының аты-

нан шынайы ризашылығын жеткізді.

Аудан басшысы «Шәкен» ауылдық округіне қарасты «Шилі» елді мекеніне барып, ауылдағы №259 негізгі мектеп ғимаратында елді мекен тұрғындармен кездесті. Мұнда өткен кездесуде аудан әкімі ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Аудан басшысы Мейрамбек

Шермағанбет халықпен кездесулерден кейін елді мекендерге жүргізіліп жатқан ауыз су құрылыс жұмыстарының барысын көріп, мердігер мекеменің жауапты өкілі мен салаға қатысты жауапты орынбасарына құрылыс жұмыстарының сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуын қатаң бақылауды тапсырды.

Айта кетейік, «Шәкен» ауылын ауыз сумен қамту құрылыс жұмыстарымен «Дәнекер КС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ал «Шилі» елді мекеніндегі құрылыс жұмыстармен «Намыс – Құрылыс» ЖШС мекемесі айналысуда. Екі елді мекендегі құрылыс жұмыстары биылғы жылдың қыркүйек айына дейін толық аяқталып, сапалы ауыз суды пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда «Шәкен», «Шилі», «Сарбұлақ» және «Шитүбек» елді мекендерінде жүргізіліп жатқан ауыз сумен қамту жұмыстары толықтай аяталғаннан кейін аудан халқы түгел таза ауыз сумен қамтылмақ.

БАСЫҚАРА АУЫЛЫНДА БАЛЫҚ ТОҒАНЫ САЛЫНУДА

Қазалы ауданындағы Басықара ауылында аудан әкімдігінің қолдауымен тауарлы балық өсіру тоғанының құрылысы басталып, инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда, «Арал Рыбторг» ЖШС-нің жетекшісі Қуаныш Өмірзақов ауданға қарасты Басықара ауылының аумағынан 464 гектар жер учаскесін жалға алып, балық өсіретін арнайы тоғандардың құрылыс жұмыстарын бастап кетті.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Басықара ауылына барып, кәсіпкермен кездесті. Сондай-ақ, салынып жатқан балық тоғанын көріп, жобаны толық жүзеге асыруға инвестиция ретінде қаржы ұйымдары арқылы қажетті қолдау көрсетілетіндігін жеткізді.

Жеке кәсіпкердің айтуынша құны 650,0 млн. теңге құрайтын «Тауарлы балық өсіру

тоғанының құрылысы» жобасы 2026 жылы толығымен іске қосылмақ. Жобаға сәйкес мұнда 52 тоған салынып, 2026 жылы 500 тоннаға жуық тауарлы балық алу жоспарланып отыр.

Айта кету керек, Басықара ауылындағы жеке кәсіпкердің бұл жер учаскесінде 1987 жылдан бастап 1994 жылға дейін Қазалы балық тоғаны шаруашылығы жұмыс істеген. Жалпы аумағы 518 гектарды құрайтын шаруашылықта түрлі балық түрлерін өсіретін 20-ға жуық тоған болған. Кейіннен кеңес үкіметі тарағаннан кейін балық тоғаны талан-таражға түсіп, жұмысын тоқтатқан. Бүгінгі күнге дейін тоған жарамсыз күйде тұрған.

Жеке кәсіпкер Қуаныш Өмірзақов балық тоғаны іске қосылғаннан кейін 20-ға жуық адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ ҚАРСЫ ӨҢДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Бүгінгі таңда көршілес Арал ауданының бірнеше елді мекендерінде шегіртке зиянкестерінің пайда болуына байланысты Қазалы ауданының көршілес ауданға жақын «Шәкен», «Құмжиек» және «Майлыбас» ауылдық округтерінің бірқатар елді мекендерінде үйірлі және саяқ шегірткелерге қарсы белсенді күрес жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тиісті мамандармен бірге «Шәкен», «Шилі» елді мекендері мен Басықара ауылындағы шаруа қожалықтарындағы зиянкестер анықталған аймақтарды аралады. Сондай-ақ зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын көріп, тиісті сала мамандарына елді мекендер аумағы зиянкестерден толық тазартылғанша фитосанитариялық іс-шаралардың жүйелі жүргізілуін тапсырды.

Қазіргі таңда зиянкестердің италиялық прус түрінің 414 гектар жерге тарағаны анықталып, оның 322 гектар алқабына химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, саяқ шегіртке 252 гектар жерге тараған, оның 120 гектарына химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Шегірткеге қарсы күрес шараларына арнайы техникалар жұмылдырылып, мониторинг жұмыстарына мамандар тартылған. Сонымен қатар, жоспарланған аумақ бойынша мердігер «Защита растений-К» ЖШС-мен келісімшарттар жасалып, химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуде.

Аудан көлемінде шегіртке зиянкестеріне қарсы фитосанитариялық іс-шаралардың өз деңгейінде жүргізілуі аудан әкімдігінің күнделікті бақылауында.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

Қазақстан конституциясына 30 жыл!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ, ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

2025 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата Заңымыз еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының мызғымас негізіне айналды.

Осы үш онжылдық ішінде Қазақстан Конституциясы мемлекеттің егемендігін нығайтып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты құжаты болып келеді. Конституцияда белгіленген демократиялық қағидаттар, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудағы бағыттар елімізді бейбітшілік пен тұрақтылық жолына жетеледі.

Конституция тәуелсіз Қазақстанның алғашқы саяси және құқықтық іргетасын қалады. Ол мемлекеттік билік тармақтарының өзара әрекеттесуін, заң үстемдігін, адам және азамат құқықтарының қорғалуын бекітіп берді. Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше мәртебесі, мемлекеттік тіл — қазақ тілі, этностық және діни келісім қағидалары Конституция арқылы нақты заңдық күшке ие болды.

Соңғы жылдары Қазақстанда жүргізілген саяси реформа-

лар Конституцияға өзгерістер енгізуді талап етті. 2017, 2022 жылдардағы реформалар билік тармақтары арасындағы теңгерімді жақсартуға, Парламенттің рөлін күшейтуге, азаматтардың саяси белсенділігін арттыруға бағытталды. Бұл — еліміздің демократиялық дамуының дәлелі. Конституцияның икемділігі мен уақыт талабына сай бейімделуі — оның өміршеңдігінің көрінісі.

Конституцияның 30 жылдығы — бұл тек құқықтық құжаттың мерекесі емес, бұл — Қазақстан халқының бірлігі мен татулығының, ортақ құндылықтарға адалдығының мерекесі. Бұл мерейтой бізді өткен жолымызды бағалап, болашағымызды айқындауға шақырады. Мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен азаматтардың әл-ауқаты Ата Заңға деген құрмет пен оның қағидаттарын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Конституциясы — еліміздің тәуелсіздігінің тірегі, тұрақтылығының кепілі. Алдағы уақытта да Ата Заңымыздың қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстан демократиялық, құқықтық, әділетті қоғам құру жолындағы бағытын жалғастырады.

Мұрат ОСПАНОВ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік, экономикалық даму мен нарықтық экономиканы құру және елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін алдымен халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы өте зор.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге арналып әзірленген қолданыстағы бағдарламалардың іске асырылуына және жемқорлықты біржолата жою мақсатында елімізде түрлі семинар-тренингтер жүргізіліп, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың басшылары өз өкілеттігі шегінде бақылау қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Өзекжарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық індетіне қарсы қолданар қаруымыз – қоғам. «Қоғам – өмірдің айнасы». Қоғамда өмір сүріп жатырған әрбір тұлға өз ісі мен әрекетіне таза болса, ел болып, халық болып жеңбейтін қасірет жоқ деп білемін.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Өміртай ӨТЕП-ӘЛІ,
«Бірлік» ауылдық округінің әкімі

БҰҚАРБАЙ БАТЫРДЫҢ ӨКІНІШІ

- Хан Кененің қолға түсіп, Алатаудың баурайында болған шайқаста жеңіліп, елге олжасыз келген кезіміз, –деп бастады дейді сөзін табын қарт Бұқарбай батыр. Елге келген соң да еңсеміз бір көтерілмей қойды. Жұрттың сыбырлап айтқан сұмандарға суық сөзі қаңтардың аязындай жанымызды қарып бара жатыр. Батыр байғұстың ризығы соғыстан түскен олжа болады. Ол болмаса барымта олжамен, барымтаның орайы келмесе, берсе қолынан, бермесе жолынан, –деп келе жатқан керуенге тиісесің. Ер азығымен бөрі азығы жолда деген. Жеті жігітім желкілдеп, батыр қашан аттанамыз, –деп үйге күнде келеді. Өзімнің жүрегім қысылып, үйге сыймай жүрген кезім. Тәуекел түбі нар қайық, –деп басымен алысып тұрған күрең қасқаға жүген салдым. Жануардың тепсінгенінен шылбыры байланған теректің басы тербеліп тұр екен. Терлігінің үстіне тоқымын салдым. Ұзақбай ұстаға, құнан өгіз беріп шаптырған құранды ерімді тоқымының үстіне тастадым. Арасына саусақ сымайтындай қылып қос қайыс тартпасын тас қылып тарттым. Торғай көз сауытымды киіп, бес қаруымды асындым. Жігіттерім де сақадай сай тұр екен. Аттың басын жіберіп едім. Көкжалдың артынан өрген бөрідей жігіттерім артымнан шұбырды. Қаз қайтып болған қарашаның соңы. Бар ойымыз қызылдың құмына қарай өтіп алу. Үйден шыққанымызға аптадан асты. Алты малта ас болмас, деген бар азығымыз таусылуға шақ қалды. Қанжығамыз майланып, әлі олжалы бола қойған жоқпыз. Батыр барлаушысыз жүрмейді деген. Бір уақытта хабар келді. Түркістанның тұсынан ордалы жыландарша шұбыртып, он түйесін жетектеген жалғыз атты бір керуен келе жатыр деген. Елінен шыққанына төрт күн болыпты. Күні бойы сол алақаным қышып еді. Құдай осы олжаны меңзеп тұр ау деп. Сол алақанымды сүйіп, маңдайыма қойдым. Шыққанына төрт күн болса, Құдай қаласа түс қайта жолығармыз. Дарияның жиегіндегі дөңнің үстінде келе жатқанбыз, алыстан шаң көрінді. Ал, жігіттер құдайларың берді деп аузымды ашқанша болмады, алдымда келе жатқан екі жігітім аттың басын келе жатқан керуенге қарай жібермесі бар ма? Бұрқыраған шаңды көрген керуен басы, алдыңғы түйенің бұйдасын, соңғы түйенің құйрығына іліп, керуенді шеңбер қылды. Үкілі найзасын қолға алып, қос жігітке қарсы шапты. Жүректі батыр екен, әуелі келгенін түйреп, соңғы келгенін шауып өлтірді.

Екі қыршын да жетеді, –деп жігіттерді әрең тоқтаттым. Қоңыраулы найзамды қолға алдым. Бара найзаластық, білекті найзагер екен. Жан берейін деп тұрған ол жоқ. Айламен алмасам былай ала алмайты-

нымды сездім. Наурызбайдан үйренген әдісім бар еді. Соңында соны қолдандым. Мойнына тастаған бұғалығым қолтығына қатар ілінді. Оң қолымен мойнындағы арқанды алам деп жанұшырып жатқанда ашық қалған оң қолтықтың тұсынан найза ұрдым. Аттан құлады. Аттан секіріп түсіп жанына жетіп бардым. Өткір найза қолтығының астындағы күре тамырын қиып кетіпті. Қан саулап жатыр. Басындағы дулығын шешкенім сол еді. Қолаң шашы сусылдап, жерге төгіліп түсті. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Қарлығаш қасы қиылып, ботадай көзі мөлдіреп жатқан қыз бала. Талықсып бара жатыр екен. Сасқанымнан бетіне торсықтағы суды бүркідім. Есін жиып өзіне келді, жөн сұрадым.

- Аға қалың түрікпеннен ішінде отырған жалғыз қазақтың қызы едім. Әкем өте ауқатты адам болатын. Әкем дүниеден өткен соң түрікпеннің кәрі құртаң байлары түртпектеп, тоқалдыққа алам деп қоймады. Қорғансыздың күні құрысын, арқа сүйер асқар тауым болмағасын басымды тауға да тасқа да ұрдым. Кәрі иіскеген денемді құрт жесін деп өлгім де келді, бірақ шыбын жан шіркін тәтті екен. Өзіме қол жұмсауға құдайдан қорықтым. Бірбеткей мінезімнің барын білетін шешем, іс насырға шаппай тұрғанда деп бір түнде жасауымды он түйеге артып, көзден жасырын іңірде аттандырып жіберді. Атымның шылбырын ұстап «аман бол қызым, енді көрісеміз бе, бір Аллаға аян. Атыңның басын қызылдың құмына бұр. Шөл даладан аман есен өтіп алсаң дарияның жиегіне жетерсің. Өзегің талса, өзен бойын жағала деген. Жарды жағалай жүре берсең елдің етегіне де ілінерсің. Елде Табын Бұқарбай деген батыр ағаң бар, тауып ал. Қазақтың қайсар ұлы ғой, қарындасын ешкімге қорлатпас. Құтты жеріңе қондырар. Барған соң керуеннің тізгінін ағаңа ұстат. Жетім қыздың тойындай қылмай дүниеңді артыңнан апарар. Жасауым аз демей осы он түйеге дүниеге қанағат қыл қызым. Әуелі Аллаға, сосын батыр ағаң Бұқарбайға аманатсың», –деп аттандырып жіберді.

Батыр ағам Бұқарбайды іздеп келе жатырмын деп қолымда жан тапсырды.

Қарындасымды өз қолымнан өлтіргеніме өкініштен өзегім өртенді. Ешқашан көзімнен жас шықпап еді. Даланы басыма көтеріп өкіріп жыладым. Қайғыдан жүрегім қарсы айрылды. Қарындасымды өз қолыммен, сол жерге жерлеп, дүниесінің соқыр тиынына тиіспей басына мұнара көтердім. Бүгінде ел сол мұнараны «Қыздың белгісі» деп атайды, –деп Бұқарбай батыр күрсініп сөзін аяқтапты.

Дайындаған:
Жеткербай МАХАМБЕТ

АБАЙ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



2025 жылы қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны және ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл – ұлтымыздың

рухани дүниесінде ерекше орын алатын, тарихи маңызы зор мерейтой. Абай мұрасы – ғасырлар асса да өзектілігін жоғалтпаған, ұрпақтан-ұрпаққа жол тартқан рухани қазына.

Абай Құнанбайұлы 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келді. Ол – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл-философ, аудармашы және ағартушы. Абайдың шығармашылығы тек әдебиетпен шектелмейді, ол қазақ қоғамының әлеуметтік, рухани мәселелеріне терең үңіліп, өз заманының

кемшіліктерін сынға алды. Оның «Қара сөздері» – ұлттық сананы оятуға бағытталған философиялық, тәрбиелік мәні зор еңбектер.

Абайдың поэзиясы адамгершілік, білім, еңбек, әділдік сынды асыл құндылықтарға негізделген. Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» атты өлеңдері жастарды ғылым мен білімге, еңбекқорлыққа шақырады. Сонымен қатар, Абай аударма саласында да үлкен еңбек сіңіріп, Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды орыс классиктерінің

шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Абайдың 180 жылдығы – тек бір ақынның туған күнін атап өту емес, бұл – ұлттық сананы жаңғырту, ел болашағын кемелдендіру жолындағы үлкен қадам. Осы мерейтой аясында еліміздің түкпір-түкпірінде ғылыми конференциялар, әдеби кештер, театрландырылған қойылымдар мен мәдени іс-шаралар өткізілуде. Бұл Абай мұрасының өміршеңдігін, оның идеяларының бүгінгі күнмен үндесіп жатқанын көрсетеді.

Қазіргі таңда Абайдың идеялары «Жаңа Қазақстан» құру жолындағы басты рухани

бағдарға айналып отыр. Ол ұсынған «толық адам» концепциясы – әділетті, білімді, адал азамат қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Қорытындылай келе, Абай – қазақ халқының рухани темірқазығы. Оның шығармалары мен ой-толғаулары – ұлттық тәрбие мен білімнің, даналық пен парасаттың мәңгілік қайнары. Абайдың 180 жылдығы – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағдар жасаудың жарқын мүмкіндігі.

Жеңіскүл ҚОНЫСБАЕВА,
Қазалы аудандық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы

АУДАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ЖАЗ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ

Қазалы қаласында орналасқан «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы 1 маусымнан жұмысын бастауды жоспарлап отыр. Сондықтан 2025 жылғы жазғы маусымға балаларды сауықтыру және демалыспен қамту жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, жүргізілуде.

"Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығына сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылды.

Атап айтсақ, аудандағы сауықтыру лагері толық тексерістен өткізіліп, жөндеу жұмыстары жүргізілген. «Шағала» лагеріндегі асхана мен жатын бөлмелерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тамақтанатын стол, орындықтармен қамтамасыз етілді. Жатын бөлмелеріндегі тозығы жеткен керуеттер жаңаланып, жыл сайын төсек жабдықтар келісім шарт бойынша залалсыздандырылып, тазартылып отырады. Балалар жуынатын бөлмелері орталықтандырылған су жүйесіне қосылып, ыстық және салқын сумен қамтамасыз етілді.

Балалардың денсаулығы – басты басымдықтардың бірі. Осыған байланысты сауықтыру ұжымдары санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай дайындалды. Медициналық пункттер медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, алғашқы көмек көрсетуге кәсіби медициналық қызметкерлермен дәрігер, мейіркештер, тіс дәрігерлері бұйрыққа сәйкес бекітіліп, жергілікті емдеу мекемелерімен өзара іс-қимыл ретке келтірілді.

Медициналық қамтамасыз ету бойынша:

1) балалардың сырқаттанушылығын төмендетуге және денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспарын әзірлеу;

2) ауыз су режимі мен тамақтануды тексеру;

3) үй-жайлардың, аумақтың, суға шомылу және спортпен шұғылдану орындарының дайындығын тексеріп, күнделікті бақылап отыруы тиіс.

Қызметкерлермен жұмыс бойынша:

Асхана блогында аспаз қызметкерлеріне тамақ дайындау технологияларын түсіндіру, қағида талаптарына сай жеке бас гигиенасын сақтау жолға қойылып келеді. Жыл сайын балалардың қауіпсіздігінің алдын-алуға, жаппай тағамнан улану және жіті ішек инфекциясының алдын алуда семинарлар ұйымдастырылып, түсіндірмелер, әдістемелік көмек көрсетіліп отырады. Басқарма тарапынан 30 сәуір күні нысанның сапалы дайындығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берілді.

2025 жылғы жазғы сауықтыру маусымына дайындық – барлық деңгейде үйлестірілген, кешенді жұмыстарды қамтиды. Басты мақсат – балалардың денсаулығын нығайтып, олардың жақсы демалуына үлесімізді қосып, әртүрлі инфекциялық, паразиттік аурулардың алдын алу және болдырмау мақсатында жұмыстар үзіліссіз жүргізілетін болады. Сонымен қатар сауықтыру мекемелері арқылы балалар пайдалы әрі қауіпсіз демалыспен қамтылып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиеленеді.

Г. МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Биыл елімізде «Құрбан айт» мерекесі маусым айының 6-8 күндері болып бекітілді. Құрбан айт – халықтың ынтымағын нығайтып, елдің ауызбіршілігін күшейте түсетін айтулы мереке. Бұл-Алла Тағаланың бізге тарту еткен мерекесі. Мұсылман баласының құлшылық амалдары жамағатпен және ауызбіршілікпен атқарылады. Құрбан айт – соның үлкен айғағы. Құрбандық шалғанда ең бірінші, құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлініп, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында сойылатын жануарлардың дені сау болуы тиіс.

Құрбандыққа шалынатын жануарлар ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес арнайы мал сою орындарында сойылуы қажет. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №7-1/370 бұйрығымен бекітілген, кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе ауыл шаруашылығы жануарлары сойылатын алаңдарында сойылуы шарт.

Сонымен қатар, жануарларды тасымалдау кезінде ветеринариялық талаптардың сақталуы, яғни тасымалданатын жануарлар ілеспе құжаттармен (ветеринариялық анықтама, зертханалық сараптама актісі) қоса тасымалдануы қажет. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте үй жайлар мен аулаларда ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін орындарда жануарларды союға жол берілмейді.

Құрбандыққа сойылатын жануарларды сою алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей және сойғаннан кейін ұшалары мен органдарына ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай союға жол берілмейді, сойылатын жануарлардан ауруға күмән туған жағдайлар анықталса дер кезінде жергілікті ветеринариялық дәрігерге хабарлау қажет екендігін хабарлаймыз.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 21 мамырдағы «Арықбалық ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-45/195 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, Арықбалық ауылдық округі бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекарасы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр
№97

2020 жылғы 27 мамыр

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы аудандық
сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры
№ 97 шешіміне
1-қосымша

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№70 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№94 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан жері: Қазалы ауданы, «Арықбалық» ауылдық округі, Жанқожа батыр аулы, Әйтеке би көшесі, №21.	«Арықбалық» ауылдық округінің Жанқожа батыр аулы.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления Казалинской районной избирательной комиссии от 21 мая 2025 года №РИК-45/195 «О назначении выбора акима сельского округа Арыкбалык» дается следующее сведение об адресе расположения и границе избирательного участка.

Гос. регистр №120000-120008-7495
28 мая 2020 года

№97

от 27 мая 2020 года

ОБ ОБРАЗОВАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.
2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»

Казалинской районной избирательной комиссии
27.03.2020 год

Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района от
27 мая 2020 года №97

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ ПО КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №70 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 94» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области». Местонахождение: Казалинский район, сельский округ «Арыкбалык», село Жанкожа батыра, улица Айтеке би №21.	Село Жанкожа батыр сельского округа «Арыкбалык».

**ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
БАСҚАРМАСЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

* Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі:

-көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

-мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

*Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мыналар жатады:

1.Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер;

2.Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру және олардың тізілімін жүргізу;

3.Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу;

4.Патогендік биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттар мен оларға қосымшаларды беру, қолданысын қалпына келтіру, қайта ресімдеу, қолданысын тоқтату;

5."Денсаулық сақтау саласында дезинфекция, дезинсекция, дератизация бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

Мемлекеттік қызметті алуда жергілікті жердің халыққа қызмет көрсету орталықтары және Elicense.kz ақпараттық жүйесі арқылы өтініш жіберуге болады.

Сабит ТЕНЕЛ,
Қазалы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.